

6D080200 – «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Болатбекова Замира Тураровнаның «Болашағы бар аквакультура объектілерін тиімді өсіру мақсатымен тірі қоректерді культивирлеу технологиясы» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы); 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Болатбекова Замира Тураровнаның 6D080200 – «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға арналған диссертациялық жұмысы ғылымның даму бағыттарына сәйкес орындалған. Диссертациялық жұмыс «Қазақстанның аймақтық жағдайларын ескере отырып аквакультураны тиімді дамыту үшін балық өсірудегі алдыңғы және қолданыстағы технологияларды жетілдіру және бейімдеу» 267 бағдарлама аясында «Бәсекеге қабілетті отандық бастама жемердің рецептурлары мен өндіру технологияларын әзірлеу, құнды балық түрлеріне арналған тірі қоректерді культивирлеу технологияларын жетілдіру және жасалған әзірлемелерді Қазақстанның балық өсіру мекемелеріне енгізу» жобасы бойынша жүргізілген (мемлекеттік тіркеу №0118РК01245).
2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Докторанттың диссертациялық жұмысы қазіргі ғылымның дамуына елеулі үлесін қосады және оның маңыздылығы ашылған.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық жұмыс жоғары деңгейде жазылған.

4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген	Тірі қоректерді культивирлеу технологиясын жетілдіру еліміздегі тауарлық балық шаруашылығын дамытуға оң әсер етеді, өсірілетін балық түрлерінің ассортиментін кеңейтеді, балық өсіруші-фермерлер үшін тірі қоректің қолжетімділігін қамтамасыз етеді, бұл Қазақстан Республикасының балық шаруашылығында балық өнімін өндірудің өзіндік құнын төмендетуге және тиімділігін арттыруға ықпал ететін болады. Диссертацияның өзектілігі негізделген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толығымен айқындайды.
		4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертациялық жұмыстың қойылған мақсаты мен міндеттері диссертацияның тақырыбына сәйкес келеді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ;	Диссертациялық жұмыс кіріспеден, зерттеу бағыты мен зерттеу әдістерінен, зерттеу нәтижелерінен, қорытындыдан, өндіріске ұсынудан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады. Диссертациялық жұмыс толықтай байланысқан.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденген, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Докторант диссертациялық жұмысының зерттеу нәтижелерін отандық және шет елдік ғылыми еңбектермен салыстыра отырып сыни талдау жасаған.

5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыстағы алынған нәтижелер мен қағидаттар жартылай жаңа болып табылады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның қорытындылары жартылай жаңа болып табылады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Қойылған мақсат және міндеттерді шешуде қолданылған технологиялық және экономикалық басқару шешімдері негізделген, жартылай жаңа болып табылады.
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Бірақ та, қойылған міндеттер 5, ал қорытынды саны 6. Осыны сәйкестендіру қажет.
7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма?	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар дәлелденген. Диссертациялық жұмыстың қорғауға шығарылған қағидаттары тривиалды емес. Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы бар. Диссертациялық жұмыс аясында алынған нәтижелер кеңінен қолданылған. Алынған нәтижелер мақалаларда дәлелденген.

		<p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ</p>	
8	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістер мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ;</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізде дәлелденеді): 1) ия;</p>	<p>Ия, диссертациялық жұмыста әдістеменің таңдауы негізделген, әдіснама нақты жазылған.</p> <p>Ия, диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістер мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.</p> <p>Ия, диссертациялық жұмыста алынған теориялық қорытындылар, анықталған өзара байланыстар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған.</p>

		2) жоқ	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған/ ішінара расталған/расталмаған	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Кейбір әдебиеттер тізімі қайталанған және МемСТ-қа сәйкестендіру керек.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті /жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия 2) жоқ	Диссертациялық жұмыс аквакультура саласындағы тірі қоректерді культиваторлар мен бассейндерде өсіру, оларды қолданып, балық шаруашылықтарында тилапия мен кларий жайынын өсірудің экономикалық тиімділігін анықтаудың теориялық маңызы зор
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелері практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия ; 2) жоқ	Қазақстан Республикасының бесінші балық өсіру аймағында дендробена мен креветка тірі қоректерін қолданып кларий жайыны мен тилапияны өсіруді практикада қолдану мүмкіндігі бар. Диссертацияның практикалық маңызы бар.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады) ; 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық зерттеулер аясында алынған ғылыми нәтижелер негізінде ұсынылып отырған практикалық ұсыныстар жартылай жаңа деуге болады.
10	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа ; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыс тақырыпқа сәйкес, жазылған. Дегенменде рәсімделуі жағынан бірқатар ескертулер бар: 1) Тірі қорек ретінде өсірілген мизида (<i>Mysida</i>), дафния (<i>Daphnia</i>), мойналардың (<i>Moina</i>) нақты түр атауларымен толықтыру қажет. 2) 20 бетте барлық зерттеу объектілерінің латынша атаулары көрсетіліп, тек кларий жайынының латынша атауы жазылмаған.

			<p>3) 12,13,15,16 суреттерде көрсетілген гистограммалардағы декадалар қай айда зерттелгенін толықтыру қажет.</p> <p>4) Диссертациядағы Arial шрифтімен жазылған бөлімшелерді Times New Roman шрифтіне ауыстырған дұрыс болады.</p> <p>Барлық ескертулер оңай түзетіледі және диссертациялық жұмыстың сапасы мен маңызын төмендетпейді.</p>
--	--	--	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

Шешім: 6D080200 – «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» мамандығы бойынша **Болатбекова Замира Тураровнаның** философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толық лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент:

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,
«Орман шаруашылығы, жабайы табиғат және қоршаған орта факультеті, «Аңшылықтану және балық шаруашылығы» кафедрасының
қауымд. профессоры, а.ш.ғ.к.

С. Сейфуллин

